

«БЕКІТЕМІН»

М.М. Катаев атындағы

Оқушылар сарайының басшысы

Ерубасева А.Ж.

## **«Менің отбасым» облыстық бейнероликтер конкурсының ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Бұл ереже «Менің отбасым» (бұдан әрі - Конкурс) облыстық бейнероликтер конкурсын өткізудің тәртібін, шарттарын және мерзімін анықтайды
- 1.2. Конкурс отбасылық құндылықтарды, ата-ана болу жауапкершілігін насихаттау, түрлі категориялы отбасылардың үздік тәрбие тәжірибесін таратуға ықпал етуге арналады.
- 1.3. Конкурс «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК «Familyday» облыстық жобасы шеңберінде өткізіледі.
- 1.4. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымкомитеті) құрылады, оның құрамын конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін жауапты Оқушылар сарайының әкімшілігі және әдістемелік бөлім анықтайды.
- 1.5. Ұйымдастыру комитетінің төрайымы «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК басшысы Ерубасева А.Ж.
- 1.6. Келіп түскен материалдарға баға беру мақсатында Сараптау кеңесі құрылады, кеңес шеттен келген білім беру мекемелерінің білікті мамандар қатарынан қалыптасады.

### **2. Конкурстың мақсаты және міндеттері:**

- 2.1. Конкурстың мақсаты отбасы институтын нығайту, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді бекіту және тарату, баланы дұрыс тәрбиелеу және оны дамыту бойынша отбасылық үлгілі тәжірибені көпшілікке таныту және жариялау болып табылады.
- 2.2. Міндеттері:
  - отбасылық құндылықтарды күшейту,
  - балаларды өз отбасының тарихы мен дәстүрлеріне қатыстыру;
  - өз әулетінің мәдени-тарихи мұрасына деген қызығушылығын арттыру;
  - Өзінің кіші Отаны, өзінің отбасы мүшелеріне құрмет және қамқорлық көзқарасын, отбасына құндылық сезімін тәрбиелеу;

### **3. Конкурсқа қатысудың шарттары**

- 3.1. Конкурс дистанционды түрде өткізіледі.
- 3.2. Конкурсқа түрлі категориядағы отбасылар қатыса алады.
- 3.3. Конкурстың тілі: қазақ, орыс.
- 3.4. Конкурс қабысушылары бірнеше номинация бойынша қатысуға құқылы, алайда әр номинация бойынша бір материалдан ғана қабылданады.

### **4. Конкурстық іріктеу келесідей номинациялар бойынша өткізіледі:**

- «Өмірдің күші отбасыда». Түрлі категориядағы отбасылардың жақсы тәжірибесін жария ететін және өмір жолында ортақ отбасылық мақсатқа жетуде отбасы рөлінің маңыздылығын көрсететін, отбасылық жобалар іске асыру, өмірдегі қиыншылықтар

мен мәселелерді жеңуді баяндайтын, басқа отбасыларға көмектесетін отбасы тәжірибесі туралы материалдар.

- **«Әке болу – парыз және сый».** Әкенің отбасындағы, бала тәрбиесі, отбасылық тәртіп пен дәстүрлерді сақтаудағы орны, маңызына арналған материалдар.
- **«Жомарт жүрек».** Түрлі отбасы үлгісіндегі табысты тәжірибеге арналған материалдар: көп балалы, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға туған ата-анасындай болған, жас отбасы, сонымен бірге мүгедек балаларды тәрбиелеп өсіріп отырған отбасылар туралы материалдар (табысты әлеуметтендіруге, сонымен бірге ерекше балалары бар отбасына көмек беруге арналған материалдар ).
- **«Отбасы жалғаушы жіп».** Отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарды нығайтуға, отбасылық ұрпақ жалғастығы, уақиғалар, мысалға бауыр-ағалар мен қарындастардың, басқа туыстардың қарым-қатынасы, жас отбасын құру, жас жұбайлардың тәжірибесі, көп жыл бірге тұратын жұбайлар туралы, олардың шығармашылықтары мен белсенді мазмұнды демалысы туралы әңгімелейтін материалдар.

## 5. Конкурстық жұмысты іріктеудің тәртібі

- 5.1.Конкурсқа келесідей талаптарға сәйкес келетін бейнематериалдар қабылданады:
  - Материалды беру формасы мен мазмұны Конкурс Ережесінің 4 т. көрсетілген өлшемдеріне сәйкес болуы тиіс;
  - бейнематериалдың хронометражы 5 минуттан аспауы керек;
  - бейне — және аудиоматериалдардың сюжетпен қоса мәтіндік шешімі болуы тиіс
  - БАҚ жарнама ретінде жарияланған материалдар конкурсқа қатыса алмайды.
- 5.2.Барлық өтінімдер конкурс комиссиясына электрондық пошта бойынша жіберіледі [metoddelDSH@mail.ru](mailto:metoddelDSH@mail.ru) тақырыбы МІНДЕТТІ ТҮРДЕ көрсетілсін: «Конкурс «Менің отбасым». Номинацияның аты». ( 1қосымша).
- 5.3.Конкурсқа жіберілген материалдар қайтарылмайды, ақы төленбейді және түсініктеме (пікір) берілмейді.
- 5.4.Конкурстың ұйымдастырушылары конкурсқа жіберілген материалды жариялауға, таратуға және көбейтуге құқылы.

## 6. Жұмыстарды қарау және іріктеу мерзімі:

- 6.1.Конкурс 2019 жылдың 31 қазан 30 қараша аралығында өткізіледі;
- 6.2.Жұмыстарды қарау және іріктеу мерзімі: 2019 жылғы 20 -27 қараша аралығы ;
- 6.3.Қорытындылау – 2019 жылғы 30 қараша;
- 6.4.Нәтижелері Оқушылар сарайының сайтына «Конкурс қорытындысы» айдарында жарияланады.
- 6.5.Ұйымдастыру комитеті жұмыстарды қабылдауды аяқтау, конкурсты қорытындылау мерзімін өзгертуге. Мерзімі өзгерген жағдайда ақпарат Оқушылар сарайының сайтында «Жаңалықтар» айдарында беріледі.
- 6.6.Ұйымдастыру комитеті арнайы номинациялар жариялап, жеңімпаздарды таңдауға құқылы.
- 6.7.Конкурсқа бұдан бұрын басқа конкурстарға қатысқан, Ғаламтор желісіне жүктелген бейнематериалдар қатыстырылмайды.

**7. Конкурс жеңімпазын анықтау үшін негізгі өлшемдер болып табылады:**

- Номинация тақырыбына сәйкес материалдың мазмұны және өзектілігі;
- Тақырыптың ашылу тереңдігі;
- Бейнеленетін уақиғалардың әлеуметтік маңызы;
- материалды беру және мазмұндау стилі;
- көтерілген мәселенің құрылдылық тәсілі, ұсынылған шешімнің тиімділігі .

**8. Конкурсты қорытындылау және бағалау**

- 8.1.Конкурс жеңімпаздарын сараптау комиссиясы анықтайды, оның құрамын конкурстың ұйымдастырушылары қалыптастырады және бекітеді.
- 8.2.Сараптау комиссиясы конкурсқа келген материалдарды номинациясына сәйкес тексереді.
- 8.3.Комиссия мүшелері әрбір бейнероликке Ереженің 7т. көрсетілген өлшемдерді ескеріп, 1 ден 10 ұпайға дейін бағалайды.
- 8.4.Конкурстық комиссия әр номинация бойынша 1,2,3 орындарды анықтайды. Нақты бір номинация бойынша жеңімпаз болмаған жағдайда басқа номинация жеңімпаздарының санын көбейту туралы шешім қабылдай алады.

Байланыс телефоны: 328517, 651296

Қосымша 1

**«Менің отбасым» конкурсына қатысуға өтінім**

Автордың Т.А.Ә.

Отбасы мүшелерінің саны

Отбасының категориясы

Отбасының ұраны

Номинация

Материалдың аталуы

Бейнероликтің хронометражы

Автормен байланыс үшін координаттары (байланыс телефоны, e-mail)

